

РАХЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІН ДӘЛЕЛДЕЙТІН ҚҰЖАТТАР

Рахымжан Қошқарбаев биыл 19 қазанда 100 жасқа толады. Ол 1924 жылы Ақмола облысы Қырыққұдық ауылында дүниеге келген. Бірақ Рахымжанның жастық шағы Тайтөбе ауылында өтеді. Төрт жасында анасынан айырылған Рахымжанның жалғыз тірегі әкесін жандайшаптар 1937 жылы «халық жауы» деп түрмеге әкетеді. Әкесімен қоса, әкесінің үш бауыры да «халық жауы» деген жаламен қуғын-сүргінге ұшырап айдалған. Рахымжанның басына бала күнінен «Халық жауының баласы» деген жаманат таңба болып басылған. Сол «қаратаңба» оған Кеңес Одағының Батыры деген атақты да беруге кедергі болған болса керек.

Бауыржан Момышұлы Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа 1970 жылғы 13 ақпанда жолдаған хатында: «Рахымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы өтініш әкесінің 1937 жылы негізсіз қуғын – сүргінге түсуіне байланысты қабылданбаған болуы мүмкін», - деген мағлұматты жазады. Біз оқырмандарға Бауыржан Момышұлының осы хатының мәтінін толық ұсынғымыз келді. Бірақ ол хат орысша нұсқада болған себепті қазақ тілінде шығатын журнал болғандықтан хаттың толық мәтінін ұсына алмаймыз. Тек қана хаттың ішіндегі кейбір тұстарын сөйлете отырып, Бауыржан Момышұлы тапқан орыс тілінде толтырған 30 құжаттың толық тізімін ғана жариялайтын боламыз.

Кеңес өкіметінің тұсында 1991 жылға дейін Рейхстагқа ту тіккендер Мелитон Кантария мен Михаил Егоров деп тарихқа жазылып келді. Бұлар Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтан соң екінші рет ту тіккен жауынгерлер болатын.

Рахымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа бірінші боп ту тіккенін Бауыржан Момышұлының тапсырмасымен танымдық мақала жазып Қазақстандықтарға алғаш танытқан журналист Кәкімжан Қозыбаев екенін біреу білсе, біреу білмес.

Мұхтар Құл-Мұхаммед: «...Гитлерлік Германияның жүрегі саналатын Рейхстагқа атойлап кіріп, оның тура еңселігіне жеңіс туын қадаған жаужүрек қазақ жайлы, ол ерлік көрсеткен 1945 жылдың мамыр айынан бастап майдандық газеттер жабыла жазды. Азғана тиражбен шығып, әскери ортада ғана тарайтын бұл басылымдар жас офицердің туған жеріне жеткен жоқ. Жасынан томаға тұйықтау өскен жас батыр да өзі туралы көп ешкімге жақ аша қоймады. Сондықтан Рахымжанның тағдырын күрт өзгерткен 1958 жылғы Бауыржан Момышұлымен кездесуіне дейін оның ерлігі жайлы Қазақстанда көп ешкім білмейтін», - деп жазды. Шыныменде 1958 жылы 20-ақпанда «Лениншіл жас» газетіне шыққан Кәкімжан Қозыбаевтың «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» атты мақаласы - зиялы қауымды ғана емес, қазақстандықтарды дүр сілкіндірген мақала болған. Осы мақала сол кездегі Қазақстанның орталық комитетіне де жеткен.

Қазақ КСР министрлер кеңесінің төрағасы Жұмабек Ахметұлы Тәшенов Бауыржан Момышұлын Жоғарғы кеңестегі кабинетіне шақыртып Рахымжан

Қошқарбаевтың арызын көрсетеді. Сол арызы жайлы әңгімелесіп: «Қазақ батырының Рейхстагқа бірінші боп ту тіккенін дәлелдейтін архивтік құжаттар керек. Соны Сіз табасыз. Сіз таппағанда, кім таппақ?», деп тапсырма берген екен. Баукең: «Мен іздестірейін. Тапсам дұрыс, таппасам – ешқандай міндеттемені мойныма алғым келмейді», - деп өкіметтен сол материалдарды табу үшін бөлгізбек болған ақшадан бас тартады.

Бауыржан атамыз ұзақ ізденудің арқасында сол материалдарды тапқан. Сөйтіп 1960 жылы 13 ақпанда Ж.А.Тәшеновке хат жолдап: «1958 жылдың қаңтарында сіз менімен лейтенант Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы жеке әңгімелестіңіз. Біздің әңгімеміз менің ізденісіме себеп болды. Мен Рейхстагқа шабуыл жасау кезінде лейтенант Рахымжан Қошқарбаевтың жасаған ерлігінің дұрыстығын растайтын кейбір құжаттарды таба алдым», - деп жазады. Сөйтіп тапқан құжаттарының мазмұнын хатында түгел баяндап жазған. «150 атқыштар дивизиясының лейтенанты Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагқа бірінші болып кіріп, қызыл әскер Григорий Булатовпен бірге фашизм цитаделасының үстінен ту көтергені - бұл даусыз факт», - деп қорытындылайды.

Бауыржан Момышұлы мен Жұмабек Тәшеновтің арасындағы әңгіме мен хаттың толық мазмұнын «Өнер» баспасынан орталықтың шығарған 32 томдық шығармалар жинағындағы 10-том 98-101 бет пен 21-томның 115-125 беттерінен оқи аласыздар.

Бауыржан Момышұлы арадан он жыл өткенде Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа арнайы хат жазады. Хат орыс тілінде жазылған. Сол хаттың бас жағындағы бір бөлігінің жалпы мазмұнын қазақшаға аудардық. Хатта былай дейді: «Құрметті Дінмұхаммед Ахметұлы! Өкінішке орай, денсаулығымның сыр беріп жүргеніне байланысты, Сіздің мені қабылдауға деген сыпайылық танытуыңызды мен пайдалана алмадым. Менің Сізге ешқандай жеке өтініштерім, не басқа да сұрайтын бұйымтайым жоқ. Мен сізге басқа бір жағдай туралы хабарлағым келіп еді. Рейхстагтың төбесіне қызыл туды бірінші болып көтерген Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерлігі туралы айтқым келген. «Одан бері 25 жыл өтіпті».

Хатқа: «Осылайша, қолда бар 30-дан астам сенімді құжат осыдан жиырма жыл бұрын Р.Қошқарбаев пен Г. Булатов шынымен де Рейхстагтың төбесіне ерлікпен алғашқылардың бірі болып қызыл ту тіккендігін айғақтайды. Қазір олар бейбіт өмірде коммунизмнің құрылысына қарапайым үлес қосуда. Біз Рейхстагқа шабуыл жиналысына қатысушылардың өтінішін қолдаймыз. Өз кезегінде, екінші дүниежүзілік соғыстағы Кеңес Қарулы Күштері Жеңісінің жиырма жылдығына байланысты Р.Қошқарбаев пен Г. Булатовқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы өтінішімізді білдіреміз», - деп Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, И.Шухов, А.Тәжібаевтың қол қойғандығы туралы айта кетуіміз керек.

Хаттың соңында Рахымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағаның Батыры атағын беру керектігін дәлелдейтін отыз құжаттың тізімі жолданған.

ПЕРЕЧЕНЬ
документов о подвиге
Рахимжана Кошкарбаева и Григория Булатова

1	Борис Горбатов	«Литературная газета» от 18/XII-1948 г., статья «Проблемы казахской литературы»
2	Роман Кармен	Интервью с корреспондентом «Казахстанская правда» от 8/V-1949 г.
3		Газета «Воин родины», статья «Они отличились в бою», 3/V – 1945 г
4		Газета «Воин родины», статья В. Субботина и Н. Шатилова «Они водрузили флаг победы» 5/V.1945 г.
5		Газета «Воин родины», «Незабываемые факты», 16/IX – 1945 г.
6		Газета «Воин родины» статья сержанта В. Васильева «Двое отважных», 16/IX – 1945 г
7	Василий Субботин	«На руинах королевской площади». Журнал «Уральский современник», №10, 1947 г.
8	Василий Субботин	«У стен рейхстага». Журнал-альманах «Крым», №2, 1948 г.
9	Василий Субботин	«Знамя Победы». Журнал «Дружные ребята», №5, 1948 г.
10	Василий Субботин	«У стен рейхстага». Журнал «Советский воин», №9, 1949 г.
11	Василий Субботин	«День тысяча четыреста десятый». Журнал «Новый мир», №5, 1960 г.
12		Газета «Красная звезда». Статья полковника Дермана «Историческое сражение», 30/IV-1946 г.
13		«Штурм Берлина». Сборник. Статья И. Зенкина «На заседаниях парт.комиссии». Издание 1948 г.
14		Газета «Фрунзевец». Приветственное письмо Героя Советского Союза М. Егорова под названием «Мы шлем вам привет!», 9 мая 1960 г.
15		«Иллюстрированная газета» – орган Главного политуправления Министерства обороны Союза ССР, №8, апрель 1946 г. На снимке М. Егоров, М. Кантария, Р. Кошкарбаев, С. Неустроев
16		Газета «Комсомольская правда». Статья бывшего сотрудника армейской газеты «Фронтовик» П. Кричевского «Особое задание», 9 мая 1962 года
17		Сборник «Люди этого не забудут». Издательство «Правда», Москва, 1961 год, статья Н. Шатилова «До рейхстага – триста метров».

18	Какимжан Казыбаев	Статья «Подвиг молодого казаха», газета «Лениншіл жас», от 21/II – 1958 г., №119
19	Какимжан Казыбаев	«Джигит, водрузивший флаг над рейхстагом». Газета «Социалистік Қазақстан» от 21/IX-1960 г.
20	Какимжан Казыбаев	«Флаг, поднявший на решающий штурм». Журнал «Жұлдыз», №1, 1960 г.
21	Какимжан Казыбаев	«Знамя Победы над рейхстагом». Журнал «Простор», № 5, 1961 г.
22		Телепередача «История подвига», организованная Алма-Атинской телестудией 9 мая 1964 года в 22 часа 30 минут
23		Выступление генерал-лейтенанта В. М. Шатилова (стенографическая запись) на совещании участников штурма рейхстага, созданном отделом истории Великой Отечественной войны Института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС 15-16 декабря 1961 года
24		Газета «Правда». Редакционная статья «Как было водружено Знамя Победы» 9/ V-1963 года
25		«История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941 – 1945 г.г.», том пятый, стр. 283.
26		«Литературная газета». Статья Н. Мара «Повесть огненных лет», 25/II-1964 г.
27		Газета «Комсомольская правда». Специальная полоса под названием «Знаменосцы», 30/IV-1964 г.
28		Реляция о подвиге Кошкарбаева Р. В архивах Генштаба Министерства обороны СССР
29		Ходатайство Президиума Верховного Совета КазССР о присвоении звания Героя Советского Союза Р. Кошкарбаеву
30		Материалы административного отдела ЦК КП Казахстана, подготовленные в сентябре 1960 г. на бюро ЦК

Алайда Кеңес үкіметі соғыстың соңғы нүктесін қойған батыр Рахымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын беруден бас тартып, «тарихты қайта қозғағысы» келмей шындықты, тарихи әділеттілікті бүркемеледі. Өкінішті!

1999 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Рахымжан Қошқарбаевқа (қайтыс болғаннан кейін) – Халық қаһарманы атағы берілді.

Қаңтар 2024 №1

AQIQAT

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖУРНАЛ



ЗБЕТ ӨЗГЕРІС ФИЛОСОФИЯСЫ

22

Әбдірашит
БӘКІРҰЛЫ
Жаһандану және
адам тағдыры

40

Әлімбай
НАЙЗАБАЕВ
Бауыржан Момышұлының
Куба еліне сапары

71

Сайпулла
МОЛЛАҚАН
«Саясат»

Бауыржан Момышұлының Куба еліне сапары



БОСТАНДЫҚ АРАЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ-САЯСИ ЖАҒДАЙ

1959 жылы Фидель Кастро, Эрнесто Че Гевара, Рауль Кастролар бастаған Куба революционерлері Батистаның режимін құлатты. Кастроның орнатқан үкіметімен әлемде біраз мемлекеттер дипломатиялық қарым-қатынасын үзген болса, бірқатар мемлекеттер байланысты қайта жағдайды. Олардың қатарында бұрынғы кеңес одағы да болды. Қазір Латын Америкасындағы социалистік даму жолына түсіп, сол жолды жалғастырып келе жатқан ел – Куба.

1962 жылы күзде бұрынғы кеңес үкіметі Кубаға жасырын түрде атом қаруы мен әскери базасын орнықтыруынан АҚШ-пен арасында дүниежүзілік ядролық соғыстың тұтануына шақ қалған болатын. Оған АҚШ-тың 1961 жылы Түркияға «Юпитер» зымыранын орналастыруы себеп болған еді.

Осылайша, әлем қауіпті уақытты бастан өткеріп, термоядролық соғыстың алдында тұрды. Егер бір қадам жасалатын болса, онда АҚШ та, кеңес одағы да, жалпы планета жосалады. Бірақ алпауыт ядролық құралы бар екі елдің үкімет басшылары мен дипломаттарының шұғыл дұрыс шешім қабылдауының нәтижесінде соғыс орті тұтанбай тоқтаған болатын. Бұл тарихта «Кариб кризисі немесе Кубаның ракеталық кризисі» деген атпен қалды.

Кеңес одағы Кубадағы әскери базасынан әскерлері мен ракеталарын Куба басшыларының келісімінсіз шұғыл түрде әкетеді. АҚШ болса Түркияға орналастырған зымырандарын алып, Кубаның қауіпсіздігіне кепілдік береді. Сөйтіп әлем ядролық соғыстың тұтануынан аман қалды.

Дегенмен, АҚШ 1960 жылдан бастап Кубаға қарсы экономикалық санкция жариялап, оны күні бүгінге дейін күшейтіп келеді.

Кеңес одағы мен Куба елінің және де екі ел көшбасшыларының арасындағы қарым-қатынасты қайта қалпына келтіру мақсатында Фидель Кастроға кеңес одағынан 1963 жылдың кез келген уақытында келуге шақырту жіберіледі. Сөйтіп, Куба революциясының атасы Фидель Кастро 1963 жылдың 27 сәуір күні өте құпия жағдайда кеңес одағына ұшып келеді.



Әлімбай НАЙЗАБАЕВ, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Бауыржантану» ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі

Әлімбай НАЙЗАБАЕВ,
М.Х. Дулати атындағы «Тараз университеті»
«Бауыржантану» ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері,
Педагогика ғылымдарының магистрі